



БЕКІТЕМІН
«ОКМА» АҚ ректоры
М.Рысбеков
3 2022 ж.

**ФАРМАЦИЯ ФАКУЛЬТЕТИ
ЕРЕЖЕСІ**

ҚЕ 044/20-2022

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация факультеті деканаты		КЕ 044/20-2022
Фармация факультетінің ережесі		Бас.№ 2 12 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ Фармация факультеті ӘЗІРЛЕП, ЕНГІЗДІ.

Хаттама № 9 « 11 » 03 2022 ж.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен КЕЛІСІЛДІ.

Хаттама № 4 « 18 » 03 2022 ж.

Кезеңдік тексеру мерзімі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация факультеті деканаты		КЕ 044/20-2022
Фармация факультетінің ережесі		Бас.№ 2 12 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ереже.....	4
2	Терминдер, анықтамалар, және қысқартулар	6
3	Ұйымдастырылу құрылымы.....	7
4	Негізгі мақсаты мен міндеттері.....	8
5	Негізгі функциялар.....	8
6	Қызметкерлерінің құқықтарымен міндеттері.....	9
7	Жауапкершілік.....	10
8	Құрылымдық бөлімдермен байланыс реттілігі.....	11

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Фармация факультеті деканаты	ҚЕ 044/20-2022	
Фармация факультетінің ережесі	Бас.№ 2 12 беттің 4 беті	

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

2012 жылғы 8 қазанда «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы (әрі қарай- «ОҚМА» АҚ) Ректорының «Деканатты бөлу туралы» № 222 бұйрығымен келесі бакалавриаттың мамандықтары бойынша даярлауды жүзеге асыратын Фармация факультеті (әрі қарай- ФФ) құрылды:

- 5B110300-«Фармация», оқу мерзімі 5 жыл;

- 5B074800-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы», оқу мерзімі 4 жыл.

1.1. ФФ - оқыту бейінін анықтайтын бір немесе бірнеше сабақтас мамандықтар бойынша студенттерді дайындайтын «ОҚМА» АҚ бөлімшесі болып табылады, сондай-ақ оқу, әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбиелік қызметтерді жүзеге асырады.

1.2. ФФ факультет құрамына кіретін мамандықтарға жататын барлық кафедралар мен зертханаларды, сонымен қатар оқу жұмысының мазмұны бойынша факультет бағытына жақын жалпы ғылыми және жалпы білім беретін кафедраларды біріктіреді.

1.3. ФФ «ОҚМА» АҚ Ғылыми кеңес шешімі және ректордың бұйрығымен құрылады, қайта құрылады және жойылады.

1.4. ФФ өз жұмысында ОӘЖТЖ жөніндегі проректорға есеп береді.

1.5. ФФ өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттарына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, кәсіби білім беру ұйымдары туралы үлгілік ережелер, Қазақстан Республикасындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау тәртібі туралы ереже, «ОҚМА» АҚ жарғысы, ішкі «ОҚМА» АҚ еңбек тәртібі, ректордың бұйрықтары және проректорлардың, ОӘК орталық басшысының өкімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

1.6. ФФ факультетті дамытудың стратегиялық жоспары, ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарын қамтитын жылдық жоспарлар негізінде жұмыс істейді.

Студенттерді қорытынды аттестациядан өткізу үшін факультет деканы МАК-қа үміткерлерді ұсынады. МАК құрамы жыл сайын 31 желтоқсаннан кешіктірілмей ректордың бұйрығымен бекітіледі және күнтізбелік жыл ішінде жарамды. Комиссияның МАК мүшелерінің құрамына: факультет деканы, бітіруші кафедра меңгерушісі (МАК мүшелерінің қалған бөлігі жетекші профессорлар, доценттер, бітірушілер бағытына сәйкес келетін жоғары білікті мамандардан құрылады).

1.7 . Факультет ережесіне ФФ деканы өзгерістерді енгізеді.


1.8 ФФ деканы Ғылыми Кеңеске, Әдістемелік Кеңеске, ректоратқа, Факультет Кеңесіне өзінің қызметі мен факультет жұмысы туралы есеп береді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация факультеті деканаты	ҚЕ 044/20-2022	
Фармация факультетінің ережесі	Бас.№ 2 12 беттің 5 беті	

Факультет деканы факультет құрамына кіретін кафедралардың оқу–әдістемелік және ғылыми-зерттеу және басқада жұмыс түрлеріне жетекшілік етеді.


1.9. ФФ құрылымы мен штат санын проректорлар мен факультет деканының ұсынысы бойынша факультет алдында тұрған міндеттерге сәйкес ректор бекітеді.

Факультет штатына мыналар кіреді:



Бұл ереже ҚР ДСМ және ҚР БҒМ қолданыстағы келесі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады:

- 1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы.
- 2 «Білім берудің барлық деңгейлерінде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы.
- 3 "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.
- 4 "Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 31 шілдедегі №647 бұйрығы.
- 5 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы.
- 6 "Білім алушылардың үлгерім мониторингін, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы.
- 7 "Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация факультеті деканаты	КЕ 044/20-2022	
Фармация факультетінің ережесі	Бас.№ 2 12 беттің 6 беті	

8 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығы.

ISO 9000: 2015	Менеджмент сапасы жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.
ISO 9001:2016	Менеджмент сапасы жүйесі. Талаптар,
СБ 044/001-2022	Сапа жөніндегі нұсқаулық,
СТ 044/002-2021	Ішкі нормативтік құжаттарды басқару,
СТ 044/007-2022	Қызметтік құжаттарды басқару,
СТ 044/021-2022	Жазбаларды басқару,
СТ 044/009-2022	Жақсартуды жоспарлау,
СТ044/010-2021	Басшылық тарапынан талдау,
СТ 044/020-2021	Ішкі аудит,
СТ 044/021-2021	Сәйкессіздіктерді басқару, түзетуші әрекеттер.

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕНУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта келесідей терминдер анықтамалар, белгіленулер және қысқартулар колданылады:


«ОҚМА» АҚ	«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы;
МЖББС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ПОҚ	Профессорлық-оқытушылық құрамы
СМЖ	Сапа менеджмент жүйесі
ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмыстар
ОӘО	Оқу-әдістемелік орталық
ФФ	Фармация факультеті
ҰЭЖ	Ұйымдастыру және экономикалық жұмыстар
ОӘЖТЖ	Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы
СДжХС	Стратегиялық даму және халықаралық серіктестік
ҒКЖ	Ғылыми-клиникалық жұмыстар
ҚКЕБ	Құқықтық камтамасыз ету бөлімі
МАК	Мемлекеттік аттестациялық комиссия
ФЕ	Факультет Ережесі
КТБО	Компьютерлік тестілеу және баспа орталығы
ТО	Тіркеу офісі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация факультеті деканаты	КЕ 044/20-2022	
Фармация факультетінің ережесі	Бас.№ 2 12 беттің 7 беті	

ҒК

Ғылыми Кеңес

3 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ



4 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1 ФФ өз мақсатын келесі мақсаттарды орындау арқылы жүзеге асырады:

- «ОҚМА» АҚ сапа саласындағы саясаты мен мақсатын жүзеге асыру;
- «ОҚМА» АҚ сапа менеджменті жүйесіндегі талаптарды орындау;
- ФФ стратегиясын анықтау және оның жүзеге асыру туралы шешімдерді қабылдау;

- мамандар дайындау сапасын арттыру;

- инновациялық білімдерін арттыру;

- информациялық және білім технологиясын жетілдіру.

4.2 ФФ факультеттің ОӘЖТЖ саласындағы негізгі міндеттері:

- ФФ кафедраларының оқу-әдістемелік жұмысы мен оқу үдерісінің дамуын жоспарлау, ұйымдастыру;

- оқу үдерісін қамтамасыз ететін ФФ және «ОҚМА» АҚ бөлімдері мен басқа да кафедралардың жұмысын үйлестіру;

- мамандарды даярлау сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

- ФФ студенттерінің оқу барысын жоспарлау және ұйымдастыру, оқу есеп құжаттарын жүргізу, студенттердің контингентінің қозғалысын бақылау;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация факультеті деканаты		КЕ 044/20-2022
Фармация факультетінің ережесі		Бас.№ 2 12 беттің 8 беті

– нормативтік құжаттарға сәйкес оқу процесін ұйымдастыру, есепке алу және бақылау;

– студенттермен тәрбие жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру, «ОҚМА» АҚ басқармаларының, бөлімдерінің және қоғамдық ұйымдарының тәрбие жұмысын үйлестіру;

– «Ашық есік күндерін» өткізу;

– бітірушілерді келешекте жұмысқа орналастыру мақсатында ұйымның (жұмыс берушілердің) өтініші бойынша жыл сайынғы «Бос жұмыс орындары жәрменкесін» өткізу.

4.3 ФФ ғылыми-зерттеу жұмысы саласында негізгі міндеттері:

–ФФ кафедралары мен ғылыми зертханаларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және үздіксіз жетілдіру;

–ФФ студенттерінің ғылыми зерттеу жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру;

–ғылыми-зерттеу нәтижелерін оқу процесіне енгізуді ұйымдастыру;

ФФ қадағалайды:

–ОӘО бірге мемлекеттік жалпы білім беру стандарт талаптарына сәйкес оқу стандарттарын (оқу бағдарламалары, жоспарлар, кестелер, қабылдау тәртібі және т.б.) және регламенттерін дайындау және бекіту;

–Оқу жоспарларын, оқу үдерісінің кестелерін әзірлеу, ПОҚ және студенттердің оны сақтауын;

–оқу үдерісін қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік материалды дайындауды, қарауды және басып шығаруды үйлестіру, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді алу.

4.4. Факультет кеңесі ФФ өкілді органы және басқару органы болып табылады. Факультет кеңесінің құрамы, оның міндеттері, өкілеттіктері мен жұмыс регламенті «Факультет кеңесі туралы ережемен» айқындалады.

5 НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАР

ФФ деканаты факультеттегі оқу үрдісін басқарады, өзіне қарасты кафедралардың оқу, әдістемелік, ғылыми және ұйымдастыру іс-әрекеттерін бақылайды, реттейді және ұйымдастырады.

Деканат өз жұмысында Ректораттың, ЖК, Әдістемелік Кеңестің, Факультет Кеңесінің шешімдерімен басшылық етеді.

Деканаттың қызметі білім сапасын арттыруға бағытталған ЖОО саясаты саласындағы жетекші ғылыми-педагогикалық жетістіктер жүйесі арасындағы байланысты дамытуға бағытталған. Жұмыстың барлық түрлерін орындау мазмұны, ұйымдастыру және әдістемесі «ОҚМА» АҚ қабылдаған істер

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Фармация факультеті деканаты	КЕ 044/20-2022	
Фармация факультетінің ережесі	Бас.№ 2 12 беттің 9 беті	

номенклатурасына сәйкес ФФ жүргізетін және сақтайтын құжаттамада көрсетіледі.

Деканат жоспар бойынша облыс, қала тұрғындары арасында мектеп бітірушілерінің ТО бірге кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырады және өткізеді.

Деканат ФФ қызметкерлері, кураторлар арқылы студенттермен кері байланысты жүргізеді және дамытады, олардың өтініштері мен мәселелеріне дер кезінде жауап береді, кәсіби құзыретті тұлғаны, өз бетінше шығармашылықпен шеше алатын бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруға қатысады, кәсіби проблемаларды меңгеру, жаңа ғылыми идеяларды қабылдау және соңғы технологияларға жетекші болу, Қазақстан Республикасы және ЖОО жастар саясатын ФФ деңгейінде жүзеге асырды.

ФФ деканы ректорға оқу-әдістемелік, ғылыми және ұйымдастырушылық жұмыстарға, сондай-ақ кадрларды іріктеу мәселелеріне қатысты ұсыныстар енгізеді. Деканат кафедралардағы оқу үрдісін «ОҚМА» АҚ ректорымен бекітілген «Деканаттың жұмыс жоспарына» сәйкес бақылауға міндетті. Деканат қызметкерлері семестр бойы сабақтарды (ОСӨЖ, дәрістер, тәжірибелік, зертханалық сабақтарды) оқу-әдістемелік орталығының бекіткен сабақ кестесі бойынша студенттердің сабаққа қатысуын, оқытушының сабақта болуын, (сабаққа қатысуы мен үлгерімі туралы журналы, оқу жоспары) құжаттардың дұрыс рәсімделгенін тексереді. Тексеру аяқталғаннан кейін мониторинг және сапа менеджменті жүйесі секторымен бекітілген тексеру актісі толтырылады.

6 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Міндеттері:

- ФФ бітірушілерін жұмысқа орналастыру жұмыстарын басқару;
- студенттік билет беруге қатысу;
- студенттерді оқудан шығару, қайта қабылдау, пәнді қайта оқыту, академиялық демалыс беру;
- ПОҚ-ның жеке жоспары, оқу пәндерінің жұмыс бағдарламалары, кафедраның жұмыс жоспары бойынша жұмыс істеуін қадағалау және талап ету;
- ФФ құрылымдық бөлімшелерінің қызметтеріне қатысты жұмыстарды бөлу;
- студенттердің білімін ағымдағы және қорытынды аттестациялауды бақылау;
- Ережеге сәйкес ФФ студенттеріне шәкіртақы тағайындау;
- ағымдық және қорытынды аттестациялауға студенттерді жіберу;
- ПОҚ қызметкерлері және студенттер арасында қақтығыс мәселелерді шешу, студенттер мен ата-аналардың шағымдарына жауап беру;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация факультеті деканаты	ҚЕ 044/20-2022	
Фармация факультетінің ережесі	Бас.№ 2 12 беттің 10 беті	

- студенттерді жатақханаға орналастыруды қадағалау, 1 курс студенттеріне әлеуметтік бейімделу жұмыстарын жүргізу.

Құқықтары:

- өз өкілеттігі шегінде деканаттың жұмысын реттейтін деканатқа бұйрықтар шығару;

- өзінің құзіреттілігі аясында құжаттарға кол қоюға және бекіту;

- кафедралардың менгерушілерінен кез-келген орындалған жұмыстың түрі бойынша жазбаша есеп талап ету;

- ФФ құзырына кіретін жедел сұрақтарды шешу үшін ұйымдармен және мемлекеттік оғандармен қарым-қатынаста болу;

- кітапхана, ақпараттық қор және АҚ «ОҚМА» басқа бөлімдерінің қызметтерін пайдалану;

- деканаттағы құжаттарды жүргізуді ұйымдастыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;

- әлеуметтік сақтандыруға, демалысқа, оның ішінде жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын алу;

- «ОҚМА» АҚ әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне белгіленген тәртіппен шағымдану;

ФФ деканы белгіленген тәртіппен «ОҚМА» АҚ ректорына деканат штатына қабылдау, деканат қызметкерлерін жұмыстан босату және басқа жерге ауыстыру, моральдық және материалдық ынталандыру туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

7 ЖАУАПКЕРШІЛІК

7.1. ФФ келесіге жауапты:

- колданыстағы ФФ көзделген функциялар мен міндеттерді, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықтарды уақтылы және сапалы орындауға;

- оқу үдерісінде МЖББС нормативнің бұзылуына;

- факультетке жүктелген қызметтерін және міндеттерін орындалуына;

- Ректор мен проректорге ақпаратты уақтылы және сапалы мәлімет бермеуіне;

- оқу үдерісінің сапасыз ұйымдастырылуына;


- құпиялылықты, техника қауіпсіздігін, еңбекті қорғау ережесін бұзылуына;

- еңбекті және қаржылық тәртіпті бұзылуына;

- ФФ деканы бекітілген факультет ережесін ФФ қызметкерлердің назарына жеткізуге жауапты. «Танысу парағында» танысқаны туралы жазу болуы керек.

Факультет деканы түпнұсқаға және көшірмеге өзгеріс енгізілгеніне жауапты.

7.2. ФФ деканы мыналарға жауапты:

O'NTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация факультеті деканаты	КЕ 044/20-2022
Фармация факультетінің ережесі	Бас.№ 2 12 беттің 11 беті

- осы ережеде көзделген ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және өзге де қызмет түрлері бойынша функциялар мен міндеттерді уақтылы және сапалы орындалуына;

- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жауапкершілік ФФ деканына жүктеледі;

- ФФ қызметкерлерінің жауапкершілігі тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді.

8 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН БАЙЛАНЫС РЕТТІЛІГІ

Міндеттерді іске асыру және функцияларды орындау үшін ОӘО, ҒКЖ, КТБО, ТО және «ОҚМА» АҚ басқа бөлімшелерімен ПОҚ мен студенттердің оқу-әдістемелік, тәрбиелік және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзара қатынас жасайды.


Деканат жұмысын ОӘЖТЖ жөніндегі проректор үйлестіреді.

ФФ құрамына кіретін кафедралар тізімі:



1. Медициналық биофизика және ақпараттық технология кафедрасы.
2. Әлеуметтік –гуманитарлық пәндер кафедрасы.
3. Шет тілдері кафедрасы.
4. Дәрілер технологиясы кафедрасы.
5. Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы.
6. Фармация ісін басқару және ұйымдастыру кафедрасы.
7. Фармацевттік өндіріс технологиясы.
8. Фармакогнозия кафедрасы.
9. Химиялық пәндер кафедрасы.
10. Қазақ, орыс және латын тілдер кафедрасы.
11. Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасы.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Фармация факультеті деканаты Фармация факультетінің ережесі	ҚЕ 044/20-2022 Бас.№ 2 12 беттің 12 беті	


Әзірлеген:

Лауазымы:	Аты-жөні	Күні	Қолы
Факультет деканы	Г.Ж. Умурзахова	11.03.22.	

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Г.Л. Елеусизова	18.03.22	
Мониторинг және сапа менеджменті жүйесі секторының меңгерушісі	Н.Ә. Ержанов	18.03.22.	

Келісілген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор	М.У. Анартаева	18.03.22.	
Әкімшілік және құқықтық камтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А. Кабиштаев	18.03.22.	